

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІГІ**

Аннотация. Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларын функционалды сауаттылығын қалыптастырудың ерекшелігі туралы жете ашылған. Функционалды сауаттылық дегеніміз - әрбір жеке тұлғаның қоғамдық қызметтерге белсене атсалысуы, қазіргі заман талабына сай, тұлғаның жас ерекшелігіне қарамай ілесіп отыруы, үнемі білім деңгейін дамытып, озық нәтижеге жетуі екендігін турасындағы мәселелер зерделеніп, қарастырылған.

Кілт сөздер: сауаттылық, білім, білік, ынта, бастауыш сынып, сандық сауаттылық.

Білім алушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыру - қазіргі кезеңнің басты мәселесі. Функционалды сауаттылық, кең мағынада, білім беру жүйесінің көп факторлы адамзат қызметімен тікелей байланысты білдіретін жеке тұлғаның әлеуметтік бағдарлануы негізінде жүзеге асады. Қазіргі жаһандану заманында функционалды сауаттылық әрбір тұлғаның мәдени, әлеуметтік, саяси және экономикалық бөліністерге белсене атсалысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуға деген негізгі міндетке айналуда. Бұл міндет Қазақстанның әлемдік аренаға тікелей енуіне негіз болып табылады. Қазақ елі үшін айрықша мәнге ие бұл стратегиялық міндет жеке тұлғаның өзіндік сапалық міндеттерін, белсенді-шығармашыл тұрғыда ойлауға және кез келген мәселеде оң шешім қабылдай алуға, өмір бойы білім алуға деген ынтасын жетіктіруге негіз болады. Білім беру мекемесінде бұл дағдылар қалыптасады.

Функционалды сауаттылық дегеніміз - әрбір жеке тұлғаның қоғамдық қызметтерге белсене атсалысуы, қазіргі заман талабына сай, тұлғаның жас ерекшелігіне қарамай ілесіп отыруы, үнемі білім деңгейін дамытып, озық нәтижеге жетуі. Мұндағы негізгі міндет рухани және материалдық құндылықтарға бай дамыған Қазақстан Республикасының азаматын қалыптастыру. Бүгінгі қоғамдағы жаһандану негізінде функционалды сауаттылық ұғымы өзекті міндетке ие.

Бастауыш сынып оқушыларын функционалды сауаттылығын қалыптастыру - білім алушылардың жеке дара өзіндік қабілеттерін дамытуға, әрбір тұлғаның әлеуметтік міндеттерді игере алуы, сыртқы ортамен қарым-қатынас орната алуы, білім нәтижесі жоғарғы деңгейге жетуі. Бастауыш сыныптағы сауаттылықты жеке тұлғаның негізгі қабілеті ретінде қарастыратын болсақ, функционалды сауаттылық сол тұлға бойында қалыптасқан негізгі білім деңгейінен бой көрсетеді.

Ғалым И.А.Мещеряковтың зерттеуі бойынша «Функционалды сауаттылық - (ағылшын тілінде functional literacy) - дағды мен білімді қамтамасыз ететін жеке тұлғаны дамытуға, жаңа білім алу мен мәдениет жетістіктерін игеруге бағытталған білім нәтижесі, жаңа техниканы қолдануды игеру, кәсіби міндеттерді жетік меңгеру, жанұялық өмірдегі сәтті үйлесімділік құра білу, өмірлік түрлі жағдаяттарды шеше алу» - деп өз анықтамасын ұсынған. Осыдан кейін әрбір тұлғаның функционалды сауаттылығы ең біріншіден кіші мемлекет, отбасыдан бастау алады. Себебі, бастауыш сыныптағы функционалды сауаттылықтың басты механизмдерінің бірі ата-аналардың балаларын тәрбиелеуі, білім беруі болып табылады. Әрбір ата-ананың бойында, баланың бойына адами құндылықтарды жақсы мен жаманды ажыратуға, жағымсыз іс - әрекеттерден аулақ болуға тәрбиелейтін, негіз болатын функционалды сауаттылық болуы керек. Ата-ана балаға кез келген мәселені дұрыс шешуге, ұғынуына себепші, балаға оң бағдар жасай алуы керек. Еңбек етуді дұрыстығын білген бала, нәтижесін де бағалай алады. Осының түп негізінде ата-ана міндеті, сауаттылығы айрықша орын алады. Функционалды сауаттылық, кең мағынада, білім беру жүйесінің көп факторлы адамзат қызметімен тікелей байланысты білдіретін жеке тұлғаның әлеуметтік бағдарлануы негізінде жүзеге асады. Қазіргі жаһандану заманында функционалды сауаттылық әрбір тұлғаның мәдени, әлеуметтік, саяси және экономикалық бөліністерге белсене атсалысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуға деген негізгі міндетке айналуда. Бұл міндет Қазақстанның әлемдік аренаға тікелей енуіне негіз болып табылады.

Қазақ елі үшін айрықша мәнге ие бұл стратегиялық міндет жеке тұлғаның өзіндік сапалық міндеттерін, белсенді-шығармашыл тұрғыда ойлауға және кез келген мәселеде оң шешім қабылдай алуға, өмір бойы білім алуға деген ынтасын жетіктіруге негіз болады.

Функционалды сауаттылық:


- Білім алушылардың сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау қабілеті;
- Білім алушылардың өмірге бейімделуінің негізгі;

- Білім алушылардың қоғамдық мәдени көркейуі;
- Білім алушылардың білім,білік дағдыларының дамуы;
- Білім алушылардың кез келген проблемалық мәселелерге шешім таба алуы;
- Білім алушылардың жеке,өзіндік қабілеттерін дамытудың негізі.

Жалпы жай сауаттылық дегеніміз бастауыш сынып оқушыларының оқуы, түсіне алуы, қысқа мәтіндерді құра алуы, сондай ақ қарапайым арифметикалық амалдарды орындау қабілеті болып табылады. Ал функционалдык сауаттылық дегеніміз бастауыш сынып оқушыларының сыртқы ортамен жақсы қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті, барынша ортаға тез бейімделе алуы, ерекше қарым-қатынас жасау деңгейі. Сонымен қатар бастауыш сынып оқушыларының танымдық процессінің жоғары көрсеткішін, сондай-ақ білім алушылардың тәжірибелерін білім негізінде қарастырады. Бұл көрсеткіш өмірдің сан қилы бағытындағы мәселелерді шешу негізінде жалпы білімнің қолдану сипатына және білімгерлердің алған нәтижесіне негізделеді. Сол себепті,қоғамдық өмірдегі жалпы іс-әрекет дағдыларын игеру үшін білімгерлердің жалпы құзыреттіліктері қалыптасу керек.

Қоғамдық өмірге шынайы көзқарастағы,жауапкершілікті сезінетін,ойлау деңгейі жоғары,сауатты,танымдық процессі қалыптасқан тұлғаны қалыптастыру - педагогтың, мектептің алдында тұрған басты міндет.

Педагог пен оқушы іс-әрекетінің функционалдык сауаттылығын әртүрлі деңгей арқылы жүзеге асыруға болады. Оны келесі суреттен көре аламыз:



1-сурет. Педагог пен оқушы іс-әрекетінің функционалдык сауаттылығының әртүрлі деңгейі

Жаңаша білім ордасының басты мүмкіндігі бастауыш сынып оқушыларының білім алуға деген қызығушылығын, ынтасын қалыптастыру негізінде,әртүрлі бағыттағы жаңартылған оқу әдістерін,тәсілдерін қолдану. Бұл міндетте - Елбасымыз білім беру сапасын арттыру негізіндегі бастамаға басты назар салуды алға тартып отыр. Бұл бастамалар «Жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаласында жан-жақты баяндалған. Елбасы бастауынан негіз алған «Функционалдык сауаттылық негізі бойынша Ұлттық жоспардың» алар орны айрықша. Оның түп мақсаты – бастауыш сынып оқушыларының сауаттылығын арттыру негізінде, оңтайлы қызмет ету деңгейіне дағдыландыру. Сондай-ақ, бұл жалпы білім беру жүйесі үлгісінің жан-жақты өзгеруіне себеп болып табылады. Осы мақсатты жүзеге асыру негізінде Қазақстан білім беру сапасы жағынан алдыңғы қатардағы елдер қатарына қосылады.

Білім беру сапасын арттыру негізінде оңтайлы әдіс-тәсілдерді жүйелі пайдалану- заман талабына сай педагогтың басты талабы. Бастауыш сынып оқушысының функционалдык сауаттылығын қалыптастыру- білім алушының сабақ барысында алған білімін сыныптан басқа жерде, кез келген сәтте оңтайлы қолдана білуіне жағдай жасау. Бұл міндеттер бастауыш сынып оқушысында орындалатын болса, баланың функционалдык сауаттылығы қалыптасады.

Бастауыш сыныптағы сауаттылыққа сондай-ақ оқушылардың пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білім, білік, дағдысын кезкелген жерде, қалаған уақытында ұтымды пайдалана алуы. Осы шарттарды дұрыс орындаса оқушылардың сауаттылығы қалыптасары анық. Осы негізде бастауыш сынып оқушыларының функционалдык сауаттылығы келесідей сипатталады:

- ✓ оқу сауаттылығы;
- ✓ жазу сауаттылығы;
- ✓ ғылымға деген сауаттылық;
- ✓ математикаға деген сауаттылығы;
- ✓ өз құқығын жетік білу сауаттылығы;
- ✓ денсаулығын жақсы күтудегі сауаттылық;
- ✓ сандық сауаттылығы.

Педагогтың біліктілігі, шығармашылық пен жаңашылдықты негізге ала отырып сабақ өтуі, заман талабының негізінде туындап отырған мәселе. Үздік деңгейде білім беретін педагогтың білімін, тәрбиесін бойына сіңірген оқушы - қоғамда жауапкершілікті сезінген тұлға болып қалыптасады. Бастауыш сынып оқушыларының функционалдык сауаттылығын қалыптастыруда білім берудің

маңызы зор. Жан-жақты жеке тұлғаны қалыптастыру барысында, әр сабақта тек оқулықпен ғана шектеліп қоймай озық деңгейде әр баланың жеке даралығына, қабылдау деңгейіне сай жұмыстарды жүргізу керек. Озық инновациялық әдіс-тәсілдердің тиімдісін пайданану кезкелген бастауыш сынып оқушысының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда жоғары нәтиже берері сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Н.Назарбаев. Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы. Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам // Егемен Қазақстан. 10 шілде, 2012.
2. Е.Иманғалиев. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары «Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы». № 9 (69) 2012 ж. 6-9 б.
3. Құндақова А. Педагогикалық шеберлік негіздері. Оқу құралы. - Алматы: Бастау, 2014.– 216 б.
4. Молдабеков Ж.Ж., Маханбетова А.Ә., Оралбекова А.Ш. Кәсіби шеберлік. –Астана, Фолиант. 2013.

**Кенжебаева А.Т., Алиева П.С.**

**М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.**

### **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА RTY БАҒЫТТАРЫ**

Аннотация. Мақалада білім беру мазмұнын жаңарту – білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері және жаңартылған білім беру мазмұнын енгізудің нәтижесі ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауаттылық пен бәсекеге қабілеттілікті көрсете алатын тұлғаның үйлесімді қалыптасуы мен зияткерлік дамуына қолайлы білім беру бағытын қарастырады.

Кілт сөздер: жаңашылдық, білім беру бағдарламасы, ғылым, шығармашылық қабілет.

Білім беру мен оқыту мазмұнының шағын бөлігінде әлеуметтік-экономикалық дамудың, ғылымның, техниканың, мәдениеттің объективті қозғалыстары бар. Тәрбие мен оқытудың мазмұнын меңгеруі кіші тұлғаның ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық, еңбек, дене тәрбиесін қамтамасыз ететін қоғамдық тәртіпке сәйкес келетін табиғат, қоғам, адам және электронды еңбек туралы білімдер жүйесі түсіндіріледі. Мектеп оқушыларының қабілеттерін дамыту, дүниетаным негіздерін қалыптастыру, гуманистік құндылықтар мен шығармашылық ойлауына жағдай жасау.

Бастауыш білім беру жүйесін жаңарту жағдайында балаларды оқыту мен тәрбиелеудің сапалы жаңа, тұлғалық және даму стратегиясы жүзеге асырылуда.

Ең маңызды басымдық – мектеп оқушыларының оқу-тәрбиелік міндеттерін орындау үшін білім мен оқу қабілеттері мен дағдыларын, озат оқуға деген құштарлығы мен қабілетін қалыптастыру, пәндік міндеттерді алдын алу, оқу пәндерін интеграциялау; олардың шет тілін ерте меңгеруін енгізу, ақпараттық және ақпараттық технологияларды меңгеру, компьютермен жұмыс істеу тәжірибесі; баланың жеке тұлғасын қолдау және дамыту, оның физикалық және психикалық денсаулығын қорғау және нығайту басты мәселе.

Мектептің мақсаты мен міндеттерінің бірлігі оның түрлерінің көптүрлілігімен ұштасады: авторлық мектептер, мектеп кешендері, гимназиялар, лицейлер және басқа оқу орындары мектептердің ішкі ұйымдық құрылымы, икемді оқу жоспарларын, бағдарламаларды, оқулықтарды, әртүрлі оқыту мен тәрбиелеудің формалары, әдістері оқушылардың әртүрлі қажеттіліктерімен, олардың дайындық деңгейімен және олардың денсаулық жағдайымен, аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерімен, оның ұлттық-мәдени тарихи дәстүрлерімен анықталады.

Білім берудің бірінші кезеңінде оқу пәндерінің интеграциялану үрдісі байқалды: жазу-оқу-сөйлеу-грамматиканы дамыту, еңбек-бейнелеу өнері-техникалық шығармашылық-модельдеу, музыка-этика мен эстетика, мәдениет негіздері; ақпараттандыру-компьютерлендіру-еңбекке оқыту-технология, т.б.

Оқыту тілін еркін таңдаудың демократиялық принципі жүзеге асырылуда. Білім беру мазмұны халықаралық және ұлттық ұштастыруды көздейді. Оқу бағдарламалары мен оқулықтардың идеялық, тәрбиелік дәлсіздігі күшейтілді.

Азаматтық тәрбиені қалыптастыруға маңызды орын беріледі. позициясы, әлеуметтік белсенділігі, мектеп оқушыларының қоғам қажеттіліктері мен өз мүдделеріне сәйкес қарқынды,